

Мәслихаттың 2024 жылғы 18 сәуірдегі № 166 "Сарыкөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 14 ақпандағы № 272 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 24 ақпанда № 10387-10 болып тіркелді

Сарыкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Сарыкөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 18 сәуірдегі № 166 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10184-10 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешім қосымшасының 6-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тоқсанына бір рет Қағидаларға сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүгінеді.

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл аудандық мәслихатының төрағасы

Д. Абжамалов